

БЕКІТЕМІН

**«Қарағанды облысында білім
беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығы» КМҚК
директоры**



Б.Х. Абдикерова

«04» 03 2021 жыл

**«Болашақ инженерлері» облыстық жобасы аясындағы үшөлшемді
компьютерлік моделдеу бойынша облыстық байқау ережесі**

**Қарағанды қ.
2021 жыл**

«Болашақ инженерлері» облыстық жобасы аясындағы үшөлшемді компьютерлік модельдеу бойынша облыстық байқау ережесі

I. Жалпы ережелер

Үшөлшемді компьютерлік модельдеу байқауы Қарағанды облысында оқушылардың инженерлік үшөлшемді модельдеуге қызығушылығын қалыптастыруға жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылуда.

Міндеттері:

- білім алушылардың автоматтандырылған жобалау жүйелерін меңгеру деңгейін арттыру;
- жалпы білім беру ұйымдары мен қосымша білім беру ұйымдарында инженерлік мамандықты насихаттау;
- инженерлік 3D-модельдеу саласында дарынды жастарды анықтау және қолдау.

Іс-шара:

- оқушылардың шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру және жетістіктермен алмасу үшін жағдай жасауға;
- инженерлік мамандықтардың беделін арттыруға жәрдемдесуге;
- болашақ мамандықты таңдау негізінде жастардың кең ауқымын біріктіруге бағытталған.

II. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі

- 2.1. Байқауға «Болашақ инженерлері» жобасына қатысатын облыстық мектептер, Қарағанды облысының аудан және қала мектептерінің 8-11 сынып оқушылары шақырылады.
- 2.2. Байқауды ұйымдастыру мен өткізуді Ереже негізіндегі Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.
- 2.3. Байқаудың әділ-қазылар алқасы автоматтандырылған құрастыру және жобалау саласында практикалық тәжірибесі бар білікті сарапшы - мамандардан, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметкерлерінен, жоғары оқу орындарының бейінді кафедраларынан (Ұйымдастыру комитетімен) жинақталады.
- 2.4. Әділ-қазылар алқасы:
 - жарысқа қатысушылар үшін тапсырмаларды әзірлеуге және бекітуге;
 - қатысушыларды жарысқа жіберуге;
 - орындалған жобаларды бағалауға;
 - ұпайларды хаттамаға енгізуге;
 - жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтауға;
 - байқауды ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізуге жауап береді.

- 2.5. Байқау екі кезеңде өткізіледі: сырттай және күндізгі.
- 2.6. Байқауды өткізу күні:
- 2.7. Сырттай кезең 05.03.2021-12.03.2021 жыл.
- 2.8. Күндізгі кезең 18 наурыз 2021 жыл.

III. Байқауға қатысу шарттары мен тәртібі.

3.1. Сырттай кезең

- 3.1.1 Үшөлшемді компьютерлік модельдеу байқауының сырттай кезеңі «Модельдеу» номинация бойынша байқаудың күндізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау мақсатында қашықтықтан өткізіледі.
- 3.1.2 Білім бөлімдері (Ұйымдастыру комитетіне) 2021 жылдың наурыз айының 12-і күнінен кешіктірмей қатысушылардың жұмыстарын a.kali@umckrg.gov.kz мекен-жайына жіберулері қажет.
- 3.1.3 2021 жылдың наурыз айының 17-і күнінен кешіктірмей сарапшылар Ұйымдастыру комитетіне сараптау нәтижелерін тапсырады, сырттай кезеңнің қорытындылары ресми түрде шығарылғаннан кейін олар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының umckrg.gov.kz сайтында жарияланады.
- 3.1.4 Сырттай кезеңде іріктеуден өткен қатысушылар күндізгі кезеңге қатысуға жіберіледі және сырттай кезеңнің қорытындылары шығарылғаннан кейін 1 күн ішінде Ұйымдастыру комитетінің (электронды пошта арқылы және ҚО ББД ОӘО umckrg.gov.kz сайтында жариялау арқылы) шақыруларын алады.
- 3.1.5 Байқауға PTC Creo және AutoCAD АЖЖ-да орындалған, prt және .asm (PTC Creo үшін), .dwg (AutoCAD үшін) қажетті кеңейтуі бар, габариттік ең жоғары өлшемдері 20*15*10 см болатын «Аквакоптер» бұйымының үшөлшемді моделі қабылданады.
Білім бөлімдері өтінімді және қатысушылардың жұмыстарын («аквакоптер» бұйымының сурет скриншоты мен үшөлшемді моделі) a.kali@umckrg.gov.kz электронды мекен-жайына жіберу қажет.

Байқаудың сырттай кезеңін бағалау:

- Тақырыпқа сәйкестігі (0-5 балл);
- Өлшемнің сәйкестігі (0-5 балл);
- Модель креативтілігі (0-5 ұпай);
- Модельді безендіру сапасы: түсі, құрылымы (0-5 ұпай);
- Техникалық күрделілігі (0-5 балл).

3.2. Күндізгі кезең

3.2.1 Үшөлшемді компьютерлік модельдеу байқауының күндізгі кезеңі «Модельдеу» номинациясы бойынша қашықтық форматта **ZOOM платформасында** өткізіледі. Сондықтан байқауға қатысушылар жұмыс орнын ұйымдастыру қажет, ол үшін дербес компьютер, интернет, веб-камера, микрофон болуы керек. Веб-камера байқауға қатысушының және жұмыс орнының көрінуін қамтамасыз ету қажет:

- Байқауға қатысу үшін қатысушылар дербес компьютеріне ZOOM бағдарламасын орнатулары қажет.

- Қосылу сілтемесі қатысушыға өтінімде көрсетілген электронды пошта мекен-жайына (1-қосымша) жіберіледі.
- Байқау тапсырмалары байқау өткізілетін күні сағат 10:00-ден бастап ZOOM конференциясының чатында қолжетімді болады
- Дайын шешімдерді сағат 12:10-нан кешіктірмей ib-2021@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.
- Байқаудың күндізгі кезеңі өтетін күннен бір күн бұрын ZOOM платформасы арқылы байланыс тексеруі өткізілетін болады. ZOOM конференциясының барлық сілтемелері қатысушылардың 1-қосымшада көрсетілген электронды пошталарына жіберіледі.

3.2.2 Байқауға таңдау бойынша 3 тапсырма ұсынылады. Әрбір тапсырманың өз күрделілік деңгейі болады, сәйкесінше ұпай беріледі (тапсырмада көрсетілген).

Байқауға қатысушылар тапсырманың күрделілігін таңдауға құқылы, онымен жарыс басталғанға дейін 10 минут ішінде танысады.

Тапсырманы орындау 2 астрономиялық сағат (120 мин) ішінде өтеді.

Жобаны бағалау

Жобаның күндізгі кезеңі күрделілік деңгейі бойынша бағаланады:

- I күрделілік деңгейі - Тапсырмада жазылған талаптарға сай нақты тораптардың немесе бөлшектердің сәйкестігі (3D-модель өлшемдерінің сызбаға сәйкестігі 0-ден 10 ұпайға дейін).
- II күрделілік деңгейі - Тапсырмада жазылған талаптарға сай нақты тораптардың немесе бөлшектердің сәйкестігі (3D-модель өлшемдерінің сызбаға сәйкестігі 0-ден 20 ұпайға дейін).
- III күрделілік деңгейі - Тапсырмада жазылған талаптарға сай нақты тораптардың немесе бөлшектердің сәйкестігі (3D-модель өлшемдерінің сызбаға сәйкестігі 0-ден 30 ұпайға дейін).

Қойылған ұпайлар байқауға қатысушы жіберген қателіктердің саны мен сипатына тікелей байланысты.

IV. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

- 4.1. Жарыс жеңімпаздары дипломдармен (1, 2, 3 орындар), бағалы сыйлықтармен марапатталады.
- 4.2. Қорытынды шығару қазылар алқасының хаттамасымен рәсімделеді.
- 4.3. Барлық қатысушылар қатысушы сертификаттарымен марапатталады.
- 4.4. Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар құруға құқылы, бұл туралы жарыстың ұйымдастыру комитеті қатысушыларды хабардар етеді.
- 4.5. Жеңімпаздарды марапаттау жарыс аяқталғаннан кейін өтеді.

Келісілді: _____

Серікбаева А.Р.

ИОТ және ЭББ бөлімі меңгерушісі